


ТУҒАН ӘӨЛКЕ

ЖЕЛЕЗИН АУДАНДЫҚ ГАЗЕТІ



№ 42 (69)

20

қазан

сенбі, 2012

Газет 2011 жылғы
2 шілдеден шығады

Төлім

Қазақ Келіні

Жақсы – жар, жақсы – келін, жақсы – ана болу кез – келген қыз баланың арманы десек артықтық етпейді, өйткені бидайдың баратыны бір диірмен демекші барша адамзат баласының, соның ішінде қыз баланың орны ерекше екені де баршаға мәлім. Жастайынан бағып – қағып қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай уылжытып, барынша ізетті, сыпайы, мейірімді де, ісмер, қылықты да, қырмызы болуын үнемі қадағалап отыратын атам қазақ «қыз - қонақ», -деп те бекер айтпаған. Десек те тым



еркінсітпеген. «Қыз – өріс, ұл – қоныс», -деп өрісін кеңейтер қыз балаға айрықша көңіл бөлген. Міне, мұның бәрі келешекте өзге елдің отын түтетер келін болып, сол елдің ұйытқысы, ұрпақ жалғастырушы ақылгөй әжесі болады деп қыз баладан көп үміт күткен, оған себеп те негіз де «алып – анадан туады», - дегеннен – ақ аңғаруға болады. Қызға қырық үйден тыйым жасап, үлкендерге барынша ізетті болуын қатты қадағалаған. Үлкен бір елдің ұйытқысы болып, сол елге сіңісіп кетуі де қыз баланың өз қолында болса да, ақылшысы, жәрдемшісі, көмекшісі болар абысын – ажындары мен енесі болады. «Қызды күте алмаған - күң етеді, жібекті түте алмаған – жүн етеді», - демекші жаңа келген келінге, келін келді екен деп бейберекет ақылгөйсін, заңғойланып, өз ережелерін ежелеп жататын абысындар да аз емес, келін болған соң «келсап» болмай, жақсы адам болып қалыптасуы көп жағдайда қайын ененің төлім – тәрбиесіне де байланысты. Өйткені жас келін үшін қайын ене төлімі мол тәрбие мектебі. Ең бастысы, қайын

ене өзінің өзегін жарып шыққан ұлының жарын өз баласындай бауырына баса білуі тиіс. Жаманын жасырып, жақсысын асырып, келіннің абырой - беделін асқақта білуі шарт. Десек те, қазіргі күні дәл осы мәселеде кейбір қайын енелердің ұтылып жүргенін, мұның соңы жас отау шаңырағының шайқалуына өкел соғып жүргенін есте жасыруға болмайтын нәрсе.

Қазақстан статистикасына үңілер болсақ, жүз лайыз шаңырақ көтергендердің жетпіс пайызы қайын ененің себебінен ажырасудың көбейіп отырғанын көрсетеді. Сонда бұған қалай жауап беруге болады? Ана болған соң өз баласы да бар емес пе, сол өзегін жарып шыққан ұлының жан – жары, соның ыстығы мен суығына төзе білетін бауыр еті деп қараса ондай кеселді жағдайлар болмас па еді? Өзі де бір елдің келіні болды емес пе? «жақсы елге түскен келін - келін, жаман елге түскен келін көлсәл», - деген тағы бар. Бұл жерде қайын ененің рөлі көріне бастайды. Шынында көрегенді елден шыққан қыздың көсегелі елге тап болуы зор бақыттың келілі. «Еркек үйдің

иманы, әйел үйдің жыйғаны, жақсы әйел – ырыс, жаман әйел - ұрыс», - деген де бар. Бар нәрсенің өз себебі бар, пышақтың да екі жүзі болатыны секілді келінде дарынды да, ақылды болып, қайын ененің мерейі тасып, бір – бірінің тілін таба білуі де зор ғанибет емес пе? Жаңа түскен келінді бауырына басып, келіні де қайын енесін анасындай көріп, сырласып, бірлікте болса, онда ол шаңырақтың биік боларын аңғартады. «Жақсы әйел – жігіт біткенге бақ» үйдің берекесін қашырмай ерінің бар тапқанын төкпей - шашпай, беркесін кіргізіп отырса бақыт деп соны айтуға болады. Үйді қырық еркек толтыра алмайды, бір - әйел толтыра алады. Әйел адамның рөлі өмірде өте ерекше орында, бұл жерде келін алдым болдым, толдым, ол барша іске жауапты деген аурумен ауырмай жанына жара салатын сөздерін аулақ болып, сол отауға сіңіп кеткенше сыйлай білген де артықтық етпес. «Ағайынға қарап мал өсер, ағашқа қарап тап өсер» әзіз бір жақта сөзі бір жақта болып өнеге көрсетудің қажеті шамалы – ақ. Әр елдің өз салты, өз әдет - ғұрпы мен салт – дәстүрі де

өзгеше. Адам болып жаратылған соң барша адам зат баласының кемшілігі де, кең пейілділігі де болады. Бір жаман қырын көре қалып ол адам жаман екен, яки керемет екен деудің де қыйсыны жоқ. «Анасыз қыз жасауға жарымайды» деген тағы бар, күн көрістің қамымен жүріп, біздің кезде заман бөлек еді қазіргі заманның балалары ақырзаманның балалары деп бар кінәні жастарға арта салудың жөн – жосықсыз екен баршаға мәлім. Ұрпақ тәрбиесіне қатты көңіл бөлетін болсаңыз онда өзіңізді барынша жаман әдеттерден тыйып, ұрпақ қамын ойлаңыз.

Қазақ батырларының өзі де келінді қадірлей білген. Ата – бабаларымыз екі емес, он әйел алып жатса да ақылдылықпен, ептілікпен, даналықпен шеше білген. Баласының балалықпен жасаған жаман қылықтарын нағашысына тартып кеткен не болмаса, біздің әулетте ондай ешкім жоқ еді, кімге ұқсаған деп бар жаман, өрескелдікті келінге итере салу тағы кесепаттық. Келін ененің топырағынан жаралады деген тағы бар, ене мектебінен өткен келін түптің – түбінде енесі үйреткен өнегені алады емес пе? Тезек шірісе тегіне тартады, қанында болса ол ұрпақ өзінен асып қайда барар дерсің? Сондықтан да ойланып сөйлегенің өзі де артықтық етпес ағайын!

Қазақ халқының арғы – бергі тарихына үңілер болсақ, халқымызда бір өзі бір ауылды басқара білген адуынды да, парасатты бәйбіше, ауылдағы қайсібір тентек қайыныларын бір ауыз сөзбен иландырып, тезге сала білген көркіне ақылы сай келіндер аз болмаған. Мәселен XIX ғасырда дүркіреген бір әулетке келін болып түскен Құдайбайдың қызы Бидаш есімді әйелдің ақылдылығы мен кемеңгерлігінің арқасында «Бидаш би» атанып кеткені туралы әдебиетті оқып қарасаңыз аңғарасыз. Сонымен қатар Төле бидің қиналған жағдайда баласынан емес, келінінен көмек сұрағаны тағы бар. Мұның бәрі ертедегі келіндердің зеректігін көрсетеді. Сонау Алатаудың атырабында жатқан Домалақ ананы айталық: Бәйдібек батырға тоқалдыққа тисе де, бәйбішеден қанша жәбір көрсе де ақылдылығымен даналығымен елді ұйыта білген қазақ келіні емес пе? Ал бір аңыз әңгімеде бәйбіше тоқалдың баласы Домалақ ананың сәбиінің бесік басына қанжар қалдырып, бала шайқалып, бесікте тербәтелгенде басы кесіліп, көш көшіп кеткенде, Домалақ ана көште қалып қойады. Қанға шомған баласының басын небір шөп дәрілгермен емдеп жазып, көшкен көштің атар – атар жылқысын айдап кетіп бара жатқан қарақшыларды, тапқырлықпен өз емшек сүтімен нан пісіріп беріп, тойдырған екен. Қарақшылар тойға жеп болған кезде Домалақ ана жеп отырған нандарының қалай жасалғанын баяндап, қарақшылар ұрпап келе жатқан жылқының бірін сыйға алыңыз енді сіз біздің анамыз болдыңыз деген кезде, ойланбастан Домалақ ана жылқылар ішінен

кәрі биені таңдайды. Қарақшылар таңырқай қарап мұны қайтесіз кәрі бие ғой деген кезде, маған осы да жетеді деп қарақшыларды ақылымен арбаған екен. Қарақшылар ұзап кеткен кезде кәрі биені үлкен қырдың үстіне апарып өбден сабаған уақытта, бие ақырып, кісінеп жан айқайы шыққан кезде өзінен тараған бар жылқы малы қарақшыларға дес берместен, кәрі биенің даусы шыққан жаққа шаба жөнеледі. Сол кезден бастап Домалақ ананың көрегендігіне, ақылдылығына таң қалмаған жан қалмаған екен. Бұл да ертедегі келіндеріміздің тапқырлығын аңғартады.

Заман өтіп, жаңа ғасыр келген соң ба, қазіргі заманның келіндерінен мұндай тамаша тапқырлық пен ақылдылықты әзер көреміз. Баршасына топырақ шашудың көрегі шамалы – ақ, өйткені онып тұрған оспан жоқ. Дегенмен танымал ақын – жазушыларымыздың келіндерін де көзге ілмекер өрескелдік болар. Әйел – отбасының алтын діңгегі, тыныштық пен сәттіліктің кепілі, бақыттың қайнар бастауы.

Қай жағынан алып қарасақ та әйел, келін, ене, ана, апа – өже де тек сол әйелдер ғана емес пе? Тек кезеңімен келіп отырған жыл мезгілдері іспеттес. Қазақта тағы бір тамаша мақал, аталы сөз «Ерін баққан, елін де бағады», - дейді. Мұның астарына үңіліп қарар болсақ қанша ел қорғар, жерін қорғар азаматтардың бәрін ана шіркін әкелмей ме дүниеге. Құдайдың қасиетті досы Жалпаладин Руми «Әйелдердің өрлігі қандай күшті, бүкіл елдің қиыншылығын қорықпай жалғыз өзі сүйреп кете беретін ер азаматтарды бір толғатқаннан туып, бар сауапқа бата қалады», - деп толғаған екен. Ал қазіргі кезде келін деп қарағанда уылжып, барынша ерін илтипаттылықпен қарап, күте білсе нұр үстіне нұр болар, еді. «Заман бұзыларда әуелі әйел бұзылады». Қыз баланы әуел бастан тәрбиесіне қатты көңіл бөліп, дана апаларымыздай етіп тәрбиелесек ешкімнен кенде қалмасыздыз анық. Қазіргі заманның келіндерінің жүректеріне құрт түсіп кеткендей бір не екі баладан артық бала таппаймын деген тар құйтырқы ойлар келіп жатады, ол заманда бұл заман ондай сұмдыққа да құлақ үйренгелі қай заман. «Ер - елдің иесі, әйел – үйдің киесі», - деген аталарымыздың жағы талмай айтып кеткен дана, өсиет сөздерін оқығаннан – ақ аңғаруға болады ғой. Үйде отырып қалса бар қызықтан қалып қояды - мыс. Күніне үш мың не үш жарым мың сөзден аспайтын сөздік қорын қайталай бергеннен гөрі үйде отырып, бала тәрбиесі мен ерінің жағдайын жасап, ертеңгі елдің тізгін ұстайтын ер – азаматтар мен ұрпақ жалғастыратын қыз балаларды дүниеге әкелген әлде қайда артық емес пе? Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, жаңа түскен келінге ескінің естісін үйретіп, жаңаның жаманынан жирендірейік, ағайын! Сонда ғана келінінің «келсап» болмай, ақылды да, парасатты, жұрттың көңілінен шығатын келін болатыны даусыз!!!